**«Бекітемін»**
Қаракемер мектеп-балабақшасының директоры
«___»________ **Есқалиева Б.М.**

**«Келісемін»**
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
«___»________ **Досқалиева Г.Қ.**

**Қаракемер мектеп-балабақшасының 3 сынып жетекшісінің**

**2022-2023 оқу жылына арналған**

**тәрбие жұмысының жоспары**

**Сынып жетекшісі: Амантаева А.Н.**

## *Түсінік хат*

Қаракемер мектеп-балабақшасында тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде біріңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды.Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар : отбасы,білім беру ұйымдары , қоғамның кең аукымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2020-2021 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 252 бұйрығы негізінде және Ойыл аудандық білім дене шынықтыру және спорт бөлімінің № 23/7 ережесі негізіндегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 2016 ж 26 сәуір

Бұл бағдарлама білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамытуға, олардың рухани-адамгершілік дамуын қамтамасыз етуге, экологиялық мәдениетін, салауатты және қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

**Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын құжаттар**

1. Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде ,

### Қазақстан Республикасының заңдары

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4.Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5..Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8.Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
9.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10.Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11.Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)
15.Қазақстан Республикасының «Кәмелекетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың
16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы

17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)
18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)
19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;
20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" заңы;
21. "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқаны;
22. "Қауіпсіз мектеп" республикалық акциясы
23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

Қаракемер мектеп-балабақшасының тәрбие жүйесінің құрылымы:

- тақырыбы;
- тәрбие жұмысының мақсаты;
- тәрбие жұмысының міндеттері;
- күтілетін нәтижелер;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Мектептің өзекті мәселесі: Оқу-тәрбие процесінде жаңа педагогикалық технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып,нәтижеге бағытталған сапалы білім беру, жас тұлғаның жалпы азаматтық құндылықтарын қалыптастыру.

Тәрбиенің өзекті мәселесі: Бүгінгі қоғам алдында тұрған ең жауапты міндет-тәуелсіз мемлекеттің уығы боп қадалатын қоғам мүшелерін, яғни жас ұрпақты адамгершілік қасиетке тәрбиелеу, тиянақты білім беру.

***Тәрбие жұмысының мақсаты:***

Мақсаты: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге,халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу.

***Тәрбиенің жұмысының міндеттері:***

- ✓ ҚР мектеп оқушыларының патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасын пайдалану, азаматтық- патриоттық сананы қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерді жетілдіру, этикалық принциптерді ұстана отырыпқазақстандық қоғамның нормалары мен дәстүрлеріне қайшы келмеу;
- ✓ тұлғаның адами және ұлттық құндылықтарды ұстана отырып, қазақ халқының тілін, дәстүрлерін мойындауға, ұстануға жетелеу, полимәдениетті тұлғаны қалыптастыру мен толеранттылықты ныгайту, Қазақстан Республикасында өмір сүретін түрлі этностар мен этнотоптардың тілін, мәдениетін дәріптеуге үйрету;
- ✓ отбасылық құндылықтардыкеңінен насихаттау, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімін жетілдіру, ата-ананың баланың тұлға ретінде қалыптасына, тәрбиесіне жауаптылығын сезіндіру;
- ✓ еңбек дағдысын қалыптастыру, тұлғаның экономикалық ойлау дағдысын ұштап, болашақ мамандығын таңдауда жол ашу, экологиялық мәдениетті дамыту, ұжымдық қарым-қатынастың ережесін біліп, өмірде қолдану;

- ✓ мектепте көпмәдениетті ортаны қалыптастыруға ықпал ету, ортақ мәдениет дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және өмірдегі эстетикалық нысандарды қабылдауға, игеруге, бағалауға дайын болуын қаматамсыз ету;
- ✓ дене тәрбиесіне жіті назар аударып, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға ыңғайланған кеңістік орнатып, оқушыны өзінің физикалық және психологиялық денсаулығына нұқсан келтіретін факторларды анықтай білуге үйрету.

**Күтілетін нәтижесі :**

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген XXI ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

## ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4.Отбасы тәрбиесі

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

### 1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

**Мақсаты:** Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас

жемкорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Отанға, мемлекеттік құрылысқа, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға;
ҚР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтаңба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке;11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;
басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;
өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тарихи өміріне;
құқықтық білімге және сыбайлас жемкорлыққа қарсы мінез-құлқына;
заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне;
әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мақтаныш сезімін және жауапкершілік таныту.

## 2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

**Мақсаты**: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

**Міндеттері:** мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына;12 діни құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылықтарға;

түрлі мәдениет пен нанымның бірлігіне; адамдарға риясыз қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

## 3. Бағыты: ұлттық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

**Міндеттері:** этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына; қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрпына;
Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

## 4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

**Мақсаты:** Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

**Міндеттері:** этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты қарау

## 5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

**Мақсаты:** Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

**Міндеттері:**. мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табиғатқа, қоршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табиғат» жүйесіне; табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласындағы әр түрлі қызметке;

кәсіби білім мен өнімді еңбекке; нарықтық экономика заңдарына құнтты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауға;

еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

### 6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

**Мақсаты:** Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.

**Міндеттері:**. өмір бойы білім алуына; өздігімен білім алуы және алған ақпаратты пайдалану біліктілігіне;
сыни тұрғыдан ойлау, талдау және алған ақпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;
зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті меңгеруіне;
пікірталас жүргізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; ақпарат көздерін сыни іріктеуге;
Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлыққа қарсылық білдіру;
Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; ақпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары ақпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

### 7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

**Мақсаты:** тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

**Міндеттері:**.толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлық нормаларына;қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және қиялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

### 8. Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

**Мақсаты:** Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

**Міндеттері:**. денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға қарсы тұрудың тиімді тәсілдерін меңгеруге; табиғи қабілеттерді орынды пайдалануға;
денсаулық сақтауға және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлыққа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

## Ұйымдастыру айлығы

| № | Оқушылармен жүргізілетін жұмыстар | Орындау мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Сынып оқушыларын жаңа оқу жылымен құттықтау. | 01.09.2022ж. | Сынып жетекші |
| 2 | Оқушылардың формасын,тәртібін,оқу құралдарын,тазалығын тексеру. | үнемі | Сынып жетекші |
| 3 | Сынып оқушыларымен жиналыс жасау және сынып белсенділерін сайлау | 05.09.2022ж. | Сынып жетекші |
| 4 | Оқушылардың үйін аралап оқуға дайындығын тексеріп, бақылау жұмыстарын жүргізу.Ыстық тамақ ішетін оқушыларды қадағалау. | үнемі | Сынып жетекші |
| 5 | Сынып оқушыларын ән-би үйірмесіне тартып, мектептегі мәдени шараларға қатыстыру. | үнемі | Сынып жетекші |
| 6 | Сынып оқушыларының жеке бас тазалықтарын, форма киіп келулерін және сынып бөлмесінің тазалықтарын басты назарда ұстау. | үнемі | Сынып жетекші |
| 7 | Сынып бөлмесінің тазалығын қадағалау және бөлме өсімдіктерін алдыру. | үнемі | Сынып жетекші |
| 8 | Сынып оқушыларының күнделіктерін тексеріп отыру. | үнемі | Сынып жетекші |
| 9 | Оқушылардың сабаққа келуін қадағалау және ата-аналармен байланыс жасап отыру. | үнемі | Сынып жетекші |
| 10 | Оқушылардың жеке бас тазалықтары мен сабаққа қатысуын қадағалау. | үнемі | Сынып жетекші |

**Қыркүйек**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | 1 қыркүйек – Білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» | Таным сабағы | 01.09.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | «Ана тілім ардағым» | Әңгіме сағаты | 05.09.2022ж. | Сынып жетекші |
| 3 | Отбасы тәрбиесі | «Жаныма жақын жандарға алғысым шексіз.» Отбасы күні | Танымдық сабақ | 12.09.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Ас – адамның арқауы» | Танымдық сабақ | 19.09.2022ж. | Сынып жетекші |
| 5 | Рухани – адамгершілік тәрбие | 1 қазан – қарттар күні «Ата-әжемнің ақылы» | Танымдық сабақ | 26.09.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

**Қазан**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Рухани – адамгершілік тәрбие | « Ардақтайық ұстаздарды» | Кездесу /ертеңгілік | 03.10.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты | «Салауатты өмір көтерінкі көңіл» | Танымдық сабақ | 10.10.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | «100 кітап, 100 мақал» Кітаппен дос боламыз. | Танымдық сабақ | 17.10.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Күн тәртібі» Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз | Әңгіме сағаты | 24.10.2022ж. | Сынып жетекші |

**Қараша**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ұлттық тәрбие | Қазақтың ұлттық ойындары | Танымдық сабақ | 07.11.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Теңге-тәуелсіздік нышаны» Ұлттық валюта күні. | Танымдық сабақ | 14.11.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Мен және менің құқығым» | Пікір алмасу | 21.11.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Рухани –адамгершілік тәрбиесі | «Әдептілік-адам көркі» | Танымдық сабақ | 28.11.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

**Желтоқсан**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі салауатты өмір салты | «Деніміз сау болу үшін не қажет?» | Әңгіме сағаты | 05.12.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» | Танымдық сабақ | 12.12.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Ұлттық тәрбие | «Киелі сандар» | Танымдық сабақ | 19.12.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Рухани –адамгершілік тәрбиесі | «Қош келдің, Жаңа жыл» | Ертеңгілік | 26.12.2022ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

## Қаңтар

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | «Д. Қонаевтың 110 жыл» | Танымдық сабақ | 09.01.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | «Салауатты өмір-денсаулық негізі» | Пікір алмасу | 16.01.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Рухани –адамгершілік тәрбиесі | «Роза Бағланованың 100 жылдығы» | Танымдық сабақ | 23.01.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | «Мемлекеттік рәміздер-ұлт мақтанышы » | Танымдық сабақ | 30.01.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

## Ақпан

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Ақиық ақын- Мұқағали Мақатаев» | Танымдық сабақ | 06.02.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу,құқықтық тәрбие | «Туған өлкеміздің тазалығы,көркемдігі біздің мақтанышымыз!» | Әңгіме сағаты | 13.02.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі | «Салауатты өмір салты күні» | Танымдық сабақ | 20.02.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Алғыс айту күні » | Танымдық сабақ | 27.02.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

**Наурыз**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Халықаралық әйелдер күні» | Танымдық сабақ | 06.03.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Ұлттық тәрбие | «Наурыз – салт-дәстүр мерекесі» ЖКЕ | Танымдық сабақ | 13.03.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | Денсаулық күні «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» | Танымдық сабақ | 27.03.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

**Сәуір**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Халықаралық балалар кітабы күні» | Кітап оқу | 03.04.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие | «Ғарышкерлер күні» ЖКЕ | Танымдық сабақ | 10.04.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Рухани –адамгершілік тәрбиесі | «Біздің тілегіміз – достық!» | Танымдық сабақ | 17.04.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Ұлттық тәрбие | «Қауіпсіз Интернет» | Танымдық сабақ | 24.04.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |

**Мамыр**

| р/с | Тәрбие үрдісі | Тақырыбы | Формасы | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Халықтар достығы мен ынтымақтастығы күні» | Танымдық сабақ | 01.05.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 2 | Қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие | «Ұлы Жеңіс күні-мәңгілік ел жадында», «Отан қорғаушылар күні» | Ерлік сабағы | 08.05.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 3 | Отбасы тәрбиесі | «Отбасы –бақыт мекені» | Танымдық сабақ | 15.05.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 4 | Рухани – адамгершілік тәрбиесі | «Менің сүйікті ертегі кейіпкерлерім» ЖКЕ | Әңгіме сағаты | 22.05.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |
| 5 | Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие | «Сыңғырла соңғы қоңырау» | Танымдық сабақ | 29.05.2023ж. | Сынып жетекші Сынып оқушылары |